

БЕКІТЕМІН:



Методикалық директоры :
Зейб Е.В

2023-2024 оқу жылы

«Қына а. ЖОББМ» КММ жапындағы «Айгөлек» шағын орталығының 2023-2024 оқу жылына аралас тобының «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша жылдық перспективалық жоспары

Түсінік хат

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2 қосымшасы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша құрылған

Оқу жүктемесіне 5 білім дағдысының мазмұны кіреді: «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылары», «Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс -әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру». Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың тәрбие мен оқытудың оқу жұмысна ойын арқылы уақыт бөлінеді. Аралас тобында Дене шынықтыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу, Құрастыру, Жапсыру, Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері беріліп отыр.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарына міндеттері мен күтілетін нәтижесі жазылады, апталық циклограмма құрылады Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Қына а.ЖОББМ» КММ жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы
Топ аралас топ

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы
Ұйымдастырылған іс-әрекет Музыка

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). ***Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру *** Музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру Күтілетін нәтиже: музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді музыка бойынша: музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады;</p>
Қазан	Музыка	<p>***Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. ***Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру Музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Билер: би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Күтілетін нәтиже: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген. таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі. музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және</p>

		жеңіл секіреді
Қараша	Музыка	<p>***Музыка тыңдау: музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен</p> <p>***Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру,</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану</p> <p>Күтілетін нәтиже: музыка бойынша: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды;</p> <p>марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді;</p> <p>заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды;</p>
Желтоқсан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>***Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.</p> <p>***Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады</p>

Қаңтар	Музыка	<p>Музыка тыңдау: әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>***Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.</p> <p>***Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады</p>
Ақпан	Музыка	<p>***Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>***Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Билер: музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;</p> <p>әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды;</p> <p>музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;</p>
Наурыз	Музыка	<p>***Музыка тыңдау: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>***Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау:</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.</p> <p>Билер: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады; қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды; қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш);</p> <p>әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның "ре" екінші октаваның "до" диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады;</p> <p>қазақ халқының күйші, композиторларын біледі;</p>

Сәуір	Музыка	<p>***Музыка тыңдау: Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>***Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>***Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер: би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі; әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;</p>
Мамыр	Музыка	<p>***Музыка тыңдау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар шығармаларымен таныстыру.</p> <p>***Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>***Музыкалық-ырғақты қимылдар: қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру,</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану</p> <p>Күтілетін нәтиже: әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды; марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді; әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;</p>